



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ЗАҢНАМАЛЫҚ ОРТА: ТРАНЗАКЦИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАС

Еркін сауда келісімдері



Еркін сауда келісімдері халықаралық қатынас субъектілері арасындағы тауар айналымын, капитал қозғалысын жеңілдету үшін жасалады. Сауда қатынастарын нығайту және инвестициялық жағдайды жақсарту туралы келісім 4 түрде болады.

- Еркін сауда келісімі;
- Екі жақты инвестицияларды қорғау туралы шарттар;
- Ынтымақтастық туралы келісімдер;
- Арнайы экономикалық аймақтар.

Еркін сауда келісімі – халықаралық бизнес субъектілері арасындағы халықаралық бизнес транзакцияларын тездету және жеңілдету үшін жасалатын келісімдер. Еркін сауда келісімі жасалғаннан кейін еркін сауда аймағы құрылады. Еркін сауда аймағы құрылған жағдайда мемлекеттер арасында тарифтік кедергілер немесе халықаралық саудада кездесетін өзге де кедергілер жойылады. Дүниежүзі бойынша 300-ден астам еркін сауда аймағы бар. Мысалы, ДСҰ A Most favored nation қағидасына байланысты еркін сауда аймағын құрған кезде екі мемлекет бір-біріне белгілі бір жеңілдік беретін болса, үшінші мемлекет өзге ДСҰ мүшелеріне бұл жеңілдікті бермеуге құқығы жоқ. Ал еркін сауда аймағын құратын болса, бұл қағиданы айналып өтуге ДСҰ тарапынан рұқсат етіледі. Еркін сауда аймағына мүше мемлекеттер сауда және инвестиция шарттарын еркін сауда аймақтары арқылы жақсартып алады. Соның өзінде үшінші мемлекеттермен сауда қатынастарын одан әрі жалғастыра бере алады. Еркін сауда аймақтарына, мысалы, АҚШ, Канада және Мексика кіретін Солтүстік Америка елдері арасындағы еркін сауда аймағы жатады. Бұл аймақтарда тек сауда қатынастары ғана емес, инвестициялық қарым-қатынастар да еркін жүргізіледі. Бұдан бөлек, Қазақстан Республикасы кіретін еркін сауда аймағы Тәуелсіз мемлекеттер достастығы, Еуроодақ пен Оңтүстік Корея арасында да жасалған еркін сауда аймағы сияқты 300-ден астам аймақтар бар.

Еркін сауда аймақтарының толық және жан-жақты деген түрлері бар. Бұл аймақта мемлекеттер тек тауар саудасымен ғана емес, инвестиция, қызмет айналымы, капитал қозғалысы және т.б. қатынастарды жүзеге асырады. Мысалы, Молдова мен Грузия арасында толық және жан-жақты еркін сауда аймағы құрылған. Солтүстік Америка елдерінің еркін сауда аймағында сол мемлекеттердегі халықаралық сауда субъектілерінің бір-бірінің аумағына еш кедергісіз өту мүмкіндігі бар.

Ларри Ди Маттео өзінің кітабында еркін сауда аймағына қатысты келесі мысалды келтіреді. АҚШ-та спорт аяқ киімдерімен айналысатын, ритейлер жасайтын компания сауда қатынастарын жеңілдету үшін мамандарды жалдайды. Бұл IT-технологиясының мамандары IT-технологиясы арқылы сату бағытын қалпына келтіреді, яғни спорт аяқ киімдерін сататын компаниялар өздерінің тауарлары туралы мәліметті (шыққан елі, тауар номенклатурасындағы жіктелуі және т.б.) базаға енгізеді. Бұл жағдайда кеден рәсімдері жеңілдетіледі, кемшіліктер, қателіктердің аз болуына септігін тигізіп, сауда қатынасы тездетіліп, жеңілдетіледі. Көзге көрінетін артықшылығы, бұл жағдайда реэкспортқа жол берілмейді. Себебі реэкспорт жасап, еркін сауда аймағына кіретін елдерге баж салығынсыз сату құқықбұзушылыққа жатады. Ритейлермен айналысатын компания жасаған саудадағы қызметтік фирманың стилі реэкспортқа немесе заңсыз сауда қатынастарына мүмкіндік бермейді.

Елеулі трансформация әдісі. Солтүстік Америка елдерінің еркін сауда аймағында Ad Valorem әдісінің мөлшері үлкен болғандықтан, тауарды аз ғана өзгертіп, оған сол елдің тауары деген марка жабыстыруға келмейді. Мысалы, тоқыма өнімдерінен жасалған киімдерді алатын болсақ, оны жасау үшін жүн, жіп және мата керек болады. Бұл киімдер Солтүстік Америка елінен шықты деген марка алу үшін жүн де, жіп те және мата да сол сауда аймағына кіретін елдерде жасалуы тиіс. Еуроодақта жағдай өзгеше. Фэбри форвард қағидасына сәйкес тоқыма өнімдерінің құрамына кіретін жүн Моңғолияда өсетін малдың терісінен жасалса, жібі Қытайда өндірілсе, басқа мемлекетте мата жасалса, ал киім Еуроодаққа мүше мемлекеттердің бірінде шығатын болса, бұл тауар Еуроодақта жасалған тауар болып есептеледі. Осы жерде тағы бір мысал қарастыра кетейік, Канаданың ұлттық кіріс бойынша мемлекеттік агенттігі АҚШ-тан импортталатын гипстің көбеюінен, жергілікті гипс шығаратын өндіріс өнімдерін қолдау үшін АҚШ-тан келетін гипс өнімдеріне баж салығын өсіреді. Соның салдарынан АҚШ гипсінің бағасы қымбаттап, нарықта сатылымы төмендеп кеткен. Кейін National Gypsum компаниясы Канаданың үстінен арыз жазады. Ұлттық кіріс бойынша мемлекеттік агенттік осы мәселеге



қатысты екі ай тергеу жүргізеді. Тергеу нәтижесінде АҚШ гипс өнімін сатуда демпингке жол берген деген қорытынды шығарды. Алайда National Gypsum компаниясы бұл қорытындыға келіспей, Ұлттық кіріс бойынша мемлекеттік агенттіктің бұл істі дұрыс қарамағандығын алға тартады. Халықаралық тәжірибе бойынша бұндай істер кем дегенде 1 жыл қаралуы керек және кеден, баж салықтарын, басқа да төленетін салықтар толығымен есептелуі қажет. Соңғы нәтижесі бойынша National Gypsum бұл істі жеңіп шығады.

Солтүстік Америка елдерінің еркін сауда аймағында дауларды шешу механизмі. Ең алдымен дауларды шешу жолдары сол елдегі профильді мемлекеттік органға арыз беруден басталады. Арыз белгілі бір талаптарға сай болып, қабылданған соң, мемлекетаралық комиссия бұл мәселені қарастырып, шешімін саралайды. Канада мен АҚШ-ты алатын болсақ, бұл мәселеде Канадалық агенттік демпингтің болу не болмауын анықтап алады. Кейін халықаралық сауда трибуналы шығындарды реттейді. Егер екі органның шешіміне қанағаттанбайтындай жағдай болса, апелляцияға беруге болады. Оны Канадада федералдық сот органы қарастырады. Ал АҚШ-та демпингті зерттейтін Халықаралық сауда әкімшілігі бар. Демпинг орын алған болса, шығындарды есептейтін Халықаралық сауда комиссиясы өз қызметін атқарады. Апелляциялық шағымдарды Халықаралық сауда соты қарастырады. Дауды шешу кезінде екі жағдай ескерілуі тиіс: 1) кәдімгі баға мен демпингтік баға арасындағы айырмашылық. Егер таза баға мен демпингтік бағаның арасында айырмашылық кішкентай болса, бұл іс әрі қарай қаралмайды. 2) демпингтен туындаған материалдық шығындар. Бұл жерде жергілікті компанияға, өндіріс орындарына шығын келтірген болса, үкімет олардың шығынын өтеу мақсатында шығындарды есептейді.

АҚШ дүниежүзі бойынша көптеген еркін сауда аймақтарының мүшесі. Соның ішінде, Транстынықмұхиттық серіктестік еркін сауда аймағы қазіргі кезде құрылу үстінде. Бұл аймақта қатысушы елдер қатарына жаһандық ЖІӨ-нің 40%-ына өндіретін мемлекеттер кіреді. Атап айтқанда, Жапония, Малайзия, Чили, Австралия және АҚШ. Бұл серіктестікке мүше болу мәселесі Барак Обаманың президенттігі кезінде белсенді талқыланса, қазіргі уақытта Трамптың кезінде бұл мәселе шетте қалып отыр.

Еркін сауда келісімінің келесі формасы – инвестицияларды қолдау туралы келісімдер. Бұл келісімдер көбінесе екіжақты болып келеді. Инвестицияны қолдау бағытында екі келісімнің түрі бар. Олар: портфельдік инвестиция және тікелей инвестиция. Портфельдік инвестиция бойынша өзге елдің акциясы мен облигациясының 10%-ы ғана шетелдік компания сатып ала алады. Бұл акция және облигацияларды шетелдік компания қайта сату үшін немесе қандай да бір дивиденттік пайда көру үшін ғана сатып алады. Ал тікелей инвестициялық келісімдер бойынша шетелдік инвестор өзге мемлекеттік компанияның 10%-нан астам бөлігін сатып алып, сол компанияның жұмысына араласып, ұзақ мерзімді пайда көру мақсатын көздейді. Мысалы, Эстония мен АҚШ арасындағы келісімді атап өтсе болады. Бұл келісім тікелей инвестиция құю бағыты бойынша жасалып отыр.

Қазақстан Республикасы 2015 жылы Жапониямен инвестицияны қорғау туралы келісім жасады. Қазақстанның инвесторлары өзге мемлекеттерден болса, Орталық Азия мемлекеттерінің инвесторы Қазақстаннан. Мысалы, көршілес Өзбекстан, Қырғызстан мемлекеттерінің негізгі инвесторы Қазақстан мемлекеті екенін айтып өту керек.

Еркін сауда аймағының келесі формасы – ынтымақтастық туралы келісімдер. Бұндай келісімдер инвестициялық қолдау және т.б. мәселелерді талқылау үшін құрылады, яғни болашақта ынтымақтастықты одан әрі нығайту сияқты ниеттерден туындайтын келісімдер.

Еркін сауда келісімінің келесі түрі – арнайы сауда аймағын құру. Көбіне теңізге, автострадаларға, темір жолдарына жақын орналасқан аймақтарда құрылады. Халықаралық бизнес субъектілері арнайы сауда аймағын құру барысында жақын маңда орналасқан мемлекеттер болса, кеден одақтарын құруға тырысады. Кеден одақтарын құру жағдайында халықаралық бизнес субъектілері бір-біріне кедендік баж салықтарын төлеуде, кедендік рәсімдерді жеңілдетуге тырысады. Ал теңізге, автострадаларға, темір жолдарына жақын орналасқан аймақтың өзінен халықаралық бизнес субъектілері өнеркәсіптік аймақ жасап қояды. Бұл өнеркәсіптік аймақта тауарлар еркін тасымалданып, өңделіп, қоймаларда ұзақ мерзімде сақтала береді. Өнеркәсіп аймақтарының ашылуы экспорттаушы және импорттаушы компанияларға да, сол аймақтың тұрғындарына да артықшылықтар береді. Айталық, сол аймақта орналасқан қайта өңдеу орындары арқылы жұмысқа ие болады.